

**Әлеуметтанушылық зерттеу жүргізу жөніндегі қызметтердің техникалық сипаттамасы
(Лот 1)**

Техникалық ерекшелікке сәйкес зерттеу параметрлері:

- 17 облыс (облыс орталықтары) және 3 республикалық маңызы бар қала;
- саны пропорционалды және әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктің жыныстық-жас құрылымына мен этникалық құрамына сәйкес іріктелген кемінде 800 респондент.

Зерттеу жүргізуге бөлінетін соманың өзгеруі жобаның жұмыс тобының 20.02.2026 № 9 хаттамасында көрсетілген.

№	Атауы	Техникалық сипаттамалары
1.	Әлеуметтанушылық зерттеу жүргізу жөніндегі қызметтер	- 17 облыс (облыс орталықтары) және 3 республикалық маңызы бар қала; - саны пропорционалды және әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктің жыныстық-жас құрылымына сәйкес іріктелген кемінде 800 респондент.

«Урбандалу контексіндегі қазақстандық отбасы» атты социологиялық зерттеу жүргізу қызметтері

1. Жалпы ақпарат

Аталған социологиялық зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26198919 «Қазақстандық отбасы қоғамдық қатынастар жүйесінде: жаңғырту жағдайындағы институтаралық өзара іс-қимылдың әлеуеті мен мәселелері» жобасы аясында жүзеге асырылады.

2. Әдіснамалық бөлім

2.1. Зерттеудің объектісі – қазақстандық қоғамның объективті шындығының бір бөлігі ретінде отбасы институттары, ал пәні – жаңғырту мен неоархаизацияның күрделі әрі қайшылықты үдерістері жағдайында осы институттарда болып жатқан өзгерістер процестері.

2.2. Зерттеудің мақсаты – урбандалу үдерістерінің ықпалымен отбасы институттарының трансформациясы нәтижесінде қалыптасып жатқан қазақстандық отбасылардың типтерін анықтау.

Социологиялық зерттеудің мақсаты бірнеше зерттеушілік және практикалық деңгейлерді қамтиды:

- жоба гипотезасын растау / ішінара растау / жоққа шығару үшін ақпарат жинау;
- қазіргі қазақстандық отбасыларды типологиялау рәсімін жүргізу үшін қажетті материалдарды жинау;
- диалог пен коммуникация құралдарын әзірлеу үшін эмпирикалық деректер жинау;
- статистикалық деректер негізінде кейін түзетіліп, нақтыланатын қазақстандық отбасылардың алдын ала типологиясын әзірлеу. Бұл жоба аясындағы түпкілікті типологияны верификациялауға және оның практикалық қолданылуын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу және ұйымдастырушылық міндеттер шешіледі.

2.3. Зерттеу міндеттері

Қазақстандық отбасының типология параметрлерін анықтау. Қазақстандық отбасылардың типологиясы келесі параметрлер негізінде жүзеге асырылады:

2.3.1 Сыртқы құрылымдық белгілер (статистика мен сауалнама деректері негізінде):

- тұрақты тұратын жері және қала мен ауылдағы туыстар арасындағы байланыстардың беріктігі/сапасы;
- кеңейтілген көп буынды немесе нуклеарлық отбасы (отбасы мүшелерінің жас диапазоны, ұрпақаралық коммуникация); үй шаруашылығы құрамына екінші-үшінші деңгейдегі туыстардың (нағашы, бөлелер, т.б.) кіруі/кірмеуі;
- ата-ананың болуы/болмауы (мысалы – бір ата-аналы отбасы);
- балалардың болуы/болмауы (балалар санының типі – аз балалы, орташа балалы, көп балалы);
- некелік қатынастардың болуы/болмауы (зайырлы, діни).

2.3.2 Отбасының әлеуметтендіруші функциялары

Негізінен, отбасының әлеуметтендіруші функциясы көптеген аспектілерде жүзеге асырылуы тиіс:

- моральдық-адамгершілік (негізгі құндылық бағдарлары, құндылықтар мен нормалар арасындағы логикалық байланыстың – жақсы/жаман, болады/болмайды – түсіндіріліп айтылуының болуы/болмауы; моральдық-адамгершілік құндылықтардың зайырлы немесе діни негізделуі);
- саяси (отбасы мүшелері арасындағы билік пен жауапкершіліктің бөлінуі; ортақ отбасылық шешімдерді қабылдау механизмдері);
- экономикалық (отбасы бюджетінің көздері, шығындарды бөлу, отбасы мүшелері үшін бюджет ашықтығы, отбасы экономикасына қосқан үлесті бағалау);
- әлеуметтік-мәдени (бағдарлар, басымдықтар мен шекаралар – этникалық, ұлттан жоғары, өркениеттік және т.б.);
- гендерлік (гендерлік рөлдерді анықтау, олардың логикалық негіздемесінің айтылуы/айтылмауы);
- экологиялық (экологиялық жауапты немесе жауапсыз мінез-құлықтың мысалдары мен тәжірибелері).

2.4. Зерттеу географиясы

17 облыс (облыс орталықтары) және республикалық маңызы бар 3 қала.

2.5. Респонденттер саны

Респонденттердің жалпы саны кемінде 800 адамды құрауы тиіс. Олар әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктің халық санына пропорционалды түрде, жыныс-жас құрылымына мен этникалық құрамына сәйкес іріктеледі.

2.6. Деректер жинау технологиясы

Деректерді жинау құралы – мемлекеттік және орыс тілдеріндегі құрылымдалған социологиялық сауалнама (сауалнама қоса беріледі).

Сауалнама негізінде орындаушы онлайн-сауалнама жүргізу үшін цифрлық анкета әзірлеуі тиіс. Сауалнама жүргізу басталғанға дейін анкета тапсырыс берушімен келісіліп бекітіледі.

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бірөлшемді және екіөлшемді кестелерді шығару, корреляциялық талдау SPSS компьютерлік бағдарламасының орыстандырылған нұсқасы арқылы орындалуы тиіс (қажет болған жағдайда Survio бағдарламасын пайдалануға болады).

Бұл кезеңнің нәтижесі ретінде сауалнаманың барлық сұрақтары бойынша Excel форматындағы жинақталған кестелер дайындалады:

- жалпы түрінде;
- және іріктеме параметрлері бойынша;
- тұрғылықты жері;
- жасы;
- жынысы;
- жұмыспен қамтылуы;
- урбандалу деңгейі (хронологиялық және ұрпақтық).

3. Жұмыстың мерзімі мен кезеңдері

3.1 Дайындық кезеңі

Тапсырыс беруші ұсынған сауалнама негізінде цифрлық анкета әзірлеу және келісу, сондай-ақ социологиялық зерттеуді жүргізудің жоспарын, тәртібін және кестесін дайындау.

3.2 Далалық жұмыстар кезеңі

Далалық жұмыстарды ұйымдастыру.

3.3 Аралық кезең

Деректерді жинау, өңдеу және бастапқы математикалық талдау. Деректер кестелерінің аралық нұсқасын дайындау және тапсыру, ескертулерді түзету және алдын ала зерттеу нәтижелерін ескере отырып Тапсырыс берушінің қосымша ұсыныстарын енгізу.

3.4 Қорытынды кезең

Деректер кестелерінің қорытынды нұсқасын дайындау. Аналитикалық кестелерге Excel форматындағы деректер базасы (сауалнамалардың бастапқы деректері) қоса беріледі. Әлеуетті жеткізушілер Университеттің сатып алуды ұйымдастыру бөлімшесіне қағаз жеткізгіште тиісті қызметтер мен жұмыстарды көрсету құқығы мен мүмкіндігін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті, соның ішінде (бірақ мұнымен шектелмей):

- сатып алынуы жоспарланған қызметтер мен жұмыстар түрі үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген куәліктердің/лицензиялардың және басқа да рұқсат беру құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- әлеуетті жеткізушінің персоналының біліктілігін растайтын ресми құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (тиісті немесе талап етілетін білімі туралы дипломдар, сертификаттар, оқу және біліктілікті арттырудан өткендігі туралы куәліктер, анықтамалар және т.б.);
- сатып алынатын қызметтер мен жұмыстарды көрсету бойынша әлеуетті жеткізушінің тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері), әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрімен куәландырылған;
- әлеуетті жеткізушінің салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекеттік кірістер органдары алдында берешегінің жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрімен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің баланстық активтерін растайтын, конкурсқа қатысуға өтінім берілген күннен кешіктірілмеген күнімен даталанған құжаттар;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрімен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің тиісті материалдық-техникалық базасының (өндірістік үй-жайлар, цехтар, зертханалар, алаңдар, жабдықтар және т.б.) бар екенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Басқарма төрағасы – ректор

Басқарма мүшесі- ғылым және инновация жөніндегі проректор

Бағдарлама жетекшісі



Рахметуллина С.Ж.

Конурбаева Ж.Т.

Столярова Э.О.

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 30 күнтізбелік күннен аспайтын.